

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 35 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 қаңтарда № 5838 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 12 қыркүйектегі № 10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 12.09.2018 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алға аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылдың 23 қарашадағы № 6 -10/144 ұсынысына сәйкес, Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Аманкелді ауылында орналасқан "Реймкул" шаруа қожалығы аумағында мүйізді ірі қара малдарының арасында сарып ауруының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі*

*Е.С. Куспанов*